

2023-2024 оқу жылындағы бастауыш сыныптар бойынша оқу бағдарламаларының орындалуы және білім сапасына талдау

Мектеп-жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беретін, білім ордасы, бірнеше ғасырлар бойы жиналып сақталған ел мұрасын келешек ұрпаққа игілігіне жеткізе алатын мәдени ошақ, ұлттық тәлім-тәрбие орталығы. Ұлттық мектеп тағдыры қай қилы заманда да, қай ұлттың болсын көзі ашық, көкірегі ояу, ұлтжанды азаматтарын толғандырып келген ең өзекті мәселелердің біріне саналады.

2023 – 2024 оқу жылындағы жылдық білім сапасының салыстырмалы есебі

Сынып	Барлық оқушылар саны				2023-2024ж I тоқсан	2023-2024ж II тоқсан	2023-2024ж III тоқсан	2023-2024ж IV тоқсан	Өзгеріс
	2023-2024ж I тоқсан	2023-2024ж II тоқсан	2023-2024ж III тоқсан	2023-2024ж IV тоқсан					
2 – 4 сыныптар	196	195	192	192	63,3	64,0	66,4	66,6	3,3% өсті

2023 – 2024 оқу жылының I тоқсан қорытындысы өткен оқу жылымен салыстырғанда жалпы білім сапасы 3,3% пайызға кеміп отыр. Өткен оқу жылында 208 оқушы болып, оның 63 үздік, 69 оқушы екпіндісі болса 2023 – 2024 оқу жылының I тоқсанында 196 оқушының 50 оқу озаты, 59 оқушы екпіндісі, былтырғы оқу жылына қарағанда білім сапасының төмендеуі оқушылардың I тоқсанда адаптациялық кезеңнен өтуіне байланысты. II тоқсанда 195 оқушының 51 оқу озаты, 59 оқу екпіндісі білім сапасының 7,3 пайыз салыстырмалы түрде қарағанда оқу озатының өскені байқалады. III тоқсанда оқу озаты 56, оқу екпіндісі 60 оқушы жалпы білім сапасы 66,4 пайызды құрайды, ал өткен тоқсанмен салыстырғанда 3,3 пайызға артқаны көрініп тұр. Жалпы былтығы оқу жылын 192 оқушымен оның оқу озаты 58, оқу екпіндісі 58, білім сапасы 66,6 пайызбен үлгерімі 100 пайызбен аяқтадық. Жалпы тоқсандар арасында өсу динамикасы байқалады.

Ұсыныс:

1. Үлгерімі төмен оқушылармен жеке жұмысты жандандыру.

2. Оқушыларды жобалау жұмыстарына қатыстыруды жоспарлы түрде жүргізу, тәжірибеге негіздей отырып сабақпен байланыстыру.
3. Жазға мектепке үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты күшейту.

Жекелеген пәндердің білім сапасына тоқталатын болсақ.

Пәндер	I тоқсан	II тоқсан	III тоқсан	IV тоқсан
Қазақ тілі	63,7	64,1	68,2	68,0
Әдебиеттік оқу	66,2	65,6	68,7	68,7
Математика	63,3	62,5	66,4	66,4
Жаратылыстану	65,4	65,9	67,1	66,2
Дүниетану		67,2		69
Орыс тілі	62,6	61,9	63,8	64,2
Ағылшын тілі	58,5	60,3	64,1	63,3

Ұсыныс:

1. Әр оқу жылында жалпы білім сапасын көтеру үшін жүйелі түрде жұмыс жасау.
2. Білім сапасын арттырудың тиімді жолдарын қарастыру.

Мектепшілік бақылау жұмысы арқылы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуына бақылауды ұйымдастыру жағдайына талдау.

2023-2024 оқу жылында жалпыға міндетті білім беру стандартының орындалуын бақылау мектепшілік бақылау жоспары негізінде жүзеге асырылады. Мектепшілік бақылау жұмыс жоспарына сәйкес төмендегі бағыттар бойынша бақылаулар жүргізіліп өткізілді.

1. Нормативтік құжаттардың орындалуын бақылау
2. Таптарға сәйкес мектеп құжаттамасының жүргізілуін бақылау
3. Оқу процесінің сапасын бақылау
4. Білімнің оқылдықтырын толықтыру және төмен көрсеткіштермен жұмыс істеу бойынша жұмыстарды бақылау
5. Оқу-зерттеу қызметі

6. Мұғалімнің шеберлік және әдістемелік дайындық жағдайының деңгейін бақылау
7. Тәрбие үрдісінің процесін, өткізілген іс-шаралардың сапасын бақылау
8. Метериалдық -техникалық базаның нығайуын бақылау.

Бастауыш сыныптар бойынша оқу сауаттылығы.

Зерттеу мерзімі: 2023 жыл 10 - 18 қазан

Тексеру мақсаты: 2-4 сынып оқушыларының оқу сауаттылығын саралау мақсатында. Бақылау нысаны: жаппай. Тексерді: директордың ОІТ жөніндегі орынбасары. Бақылау барысында анықталды: Мектепшілік бақылау шараларын жүзеге асыру шеңберінде 2023 жылғы 10-18 қазан аралығында әдебиеттік оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру негізінде оқу жылдамдығы анықталды. 2-4 сыныптарда оқу жылдамдығы сыныптарда сөз бен сөз тіркестерін тұтастай оқу біліктерінің қалыптасуы сыныптарда өлеңдер мен шығармалар мәтінін оқу мәнерлігін тексеру, дауыстап және іштей оқу оқылған мәтінінің мәнін түсінуге назар аудару, оқу техникасын қалыптастыру, сыныпта қалыптасатын оқу дағдылары: шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып түртіп алып, сұрақтар қоя отырып қажетті ақпаратты тауып белгі қоятын оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу. Нәтижесінде: 2 сыныпта барлығы 70 оқушы, оның 50 норматқа жетті, 20 жете алмады. 3 сыныпта барлығы 61 оқушы, оның 38 норматқа жетті, 23 жете алмады. 4 сыныпта барлығы 65 оқушы, оның 45 норматқа жетті, 20 жете алмады. Жалпы алғанда 2-4 сыныптарда 196 оқушының межеге 133 оқушы жетті, 63 оқушы жете алмады. Бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар. 2 сынып білім алушыларының әдебиеттік оқу пәні бойынша оқу жылдамдығы нормасына жетуге жұмыс жүргізу. 3 сынып білім алушыларының өлеңдер және шығармалар мәтінін, оқу мәнерлігін тексеріп отыру, оқу жылдамдығын көтеру. 4 сыныптар қалыптасатын оқу дағдылары көз жүгіртіп оқу, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып оқу дағдыларын қалыптастыруы.

Ұсыныстар: 2-3 сынып мұғалімдері білім алушылардың оқу жылдамдығы нормасына сай жұмыс жасауын қадағалау. 4 сынып мұғалімдері «Әдебиеттік оқу» пәні бойынша әр түрлі қосымша жұмыстар жүргізу. Оқу қарқыны (жылдамдығы) оқу тәсіліне, түсінуіне және мәнерлілігіне тікелей байланысты екенін және сол арқылы оқу дағдысының толыққанды қалыптасатынын есте сақтау қажет. Оқу сауаттылығын саралау нәтижесі бойынша Зерттеу объектісі: Бастауыш сыныптар бойынша оқу сауаттылығы.

Зерттеу мерзімі: 2024 жылғы 7-8 ақпан

Тексеру мақсаты: 2-4 сынып оқушыларының оқу сауаттылығын саралау мақсатында.

Бақылау нысаны: жаппай. Тексерді: директордың ОІТ жөніндегі орынбасары.

Бақылау барысында анықталды: Мектепшілік бақылау шараларын жүзеге асыру шеңберінде 2023 жылғы 10-18 қазан аралығында әдебиеттік оқу пәні бойынша білім алушылардың оқу дағдыларын қалыптастыру негізінде оқу жылдамдығы анықталды. 2-4 сыныптарда оқу жылдамдығы сыныптарда сөз бен сөз тіркестерін тұтастай оқу

біліктерінің қалыптасуы. 2.3 сыныптарда өлеңдер мен шығармалар мәтінінің оқу мәнерлігін тексеру.-дауыстап және іштей оқу оқылған мәтінінің мәнін түсінуге назар аудару.- оқу техникасын қалыптастыру.3.4 сыныпта қалыптасатын оқу дағдылары: шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып түртіп алып, сұрақтар қоя отырып қажетті ақпаратты тауып белгі қоятын оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу. Нәтижесінде: 2 сыныпта барлығы 70 оқушы, оның 20 норматқа жетті, 50 жете алмады. 3 сыныпта барлығы 61 оқушы, оның 23 норматқа жетті, 38 жете алмады. 4 сыныпта барлығы 65 оқушы, оның 35 норматқа жетті, 30 жете алмады. Жалпы алғанда 2-4 сыныптарда 196 оқушының межеге 78 оқушы жетті, 118 оқушы жете алмады. 1 сынып білім алушыларының ана тілі дәптерін тексеру нәтижесі бойынша

Зерттеу объектісі: 1 сынып ана тілі дәптер.

Тексеру мақсаты: Дәптерге қойылатын біріңғай талаптардың орындалуы: көркем жазуы, тазалығы, дәптер жүргізу мәдениеті, дағдысы. Орфографиялық режимнің сақталуы. Білім алушы дәптерін тексеру сапасы: тексеру жиілігі, нашар үлгеретін оқушы жұмысының тексерілуі.

Бақылау нысаны: жаппай. Тексерді: директордың ОТИ жөніндегі орынбасары. Бақылау барысында анықталды: Барлық дәптерлер орфографиялық режимге сәйкес толтырылған. Дәптерлер күнде тексерілген. Білім алушылардың жіберген қателерін түзетуі, үнемі бағалап отыратындығы көрінеді. Көшірмесін түсіру әдісімен жұмыс жасау. Жазылған әріптің үстінен бояу. Әріп элементтерін дұрыс қоюға бағытталған тәсілмен жұмыс жүргізген. Бақылау нәтижелері бойынша қорытындылар. Жазба жұмыстарын талапқа сай отындап отыру. Коллиграфия мен жұмыс жүргізу. Дәптерлерді жүргізу барысында біріңғай орфографиялық режимнің қатаң сақталуын қадағалау.

Қорытынды:

1. Білім сапасын арттыру, мектептегі озат, екпінді оқушыларымыздың санын көбейту.
2. Мектепті дамытуға, жанашылдықпен бақаруға, педагогтар құрамының сапасын арттыру.
3. Үлгерімі төмен оқушылардың ата-аналармен сөйлесіп, жазғы демалыс уақытына пән мұғалімдерінен тапсырма алуына ықпал жасау сынып жетекшілеріне міндеттелінсін.

2023 – 2024 оқу жылында пән мұғалімдеріне оқуға ынтасы жоғары және қиын бағалармен жұмыстарын көбейту, білім сапасы мен оқу үлгерімін жоғары дәрежеге жеткізуге өз үлестерін коу керек. Бұған қоса сабақ жоспарларының да методикалық талаптарға сай болуы және оқу үлгеріміне ерекше мән беру қажет.